

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

Series «Philological sciences»

№3(61)

Алматы, 2017, 3

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті
ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы,
№3(61), 2017

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
п.ғ.д., профессор, академик

Б.Ә. Сманов
Бас редактордың орынбасары
ф.ғ.д., профессор

Б.Әбдіғазизұлы
Ғылыми редакторлар
ф.ғ.д., проф. С.Ж. Әбішева
п.ғ.д., доцент Ж.Т. Дәулетбекова
ф.ғ.к. А.Д. Ибраева

Редакция алқасы:
ф.ғ.д., проф.

У.М. Бахтиреева (Ресей),
PhD докторы, проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),
ф.ғ.д., проф.

Ердоған Алтынқайнак (Түркия),
ф.ғ.д., проф.

А.К. Киклевич (Польша),
ф.ғ.д., проф.

Нефагина Г.Л. (Польша),
магистр, проф.

Нонако Сузуму (Жапония),
п.ғ.д., проф.

Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),
ф.ғ.д., проф.

Жан Динжян (Қытай),
п.ғ.д., проф.

Чан Дин Лам (Вьетнам),

М а з м ұ н ы	9
С о д е р ж а н и е	13
С o n t e n t	14
ТІЛ БІЛІМІ	19
ЛИНГВИСТИКА	19
LINGUISTICS	23
Аманбаева А.Ж., Жұмабаева	23
Ж.Т. Сөз таптары мен сөздердің	27
байланысу түрлерін сөйленім	27
синтезіне икемдеудің	34
жолдары.....	34
.....	39
Amanbaeva A., Zhumabaeva Zh.	39
Ways of adaptation of parts of	44
speech and types of connection of	44
words in word-combination for	49
synthesis of	50
speech.....	56
.....	56
Амирбекова А.Б. Тіл және ойлау:	59
ұғым мен ұғыну мәселелері...	59
Amirbekova A. Language and	64
thinking: problems of understanding	
and	
concepts.....	
.....	
Арзиева А.Т., Арзиев Р.У.	
«Құтты білікте» омонимдердің	
қолданылуы.....	
.....	
Arziyeva A., Arziyev R. The use of	
homonyms “Kutti bilik”.....	

ф.ғ.к. Ж.А. Қоқанова

(жауапты хатшы)

© Абай атындағы

**Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2017**

Қазақстан Республикасының

мәдениет және ақпарат

министрлігінде 2009 жылы мамырдың

8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 08.12.2017 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16,25 е.б.т.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 81.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

Әміржанова Н.С., Нркінбаев

С.Ж. Эколингвистиканың негізгі

аспектілері.....

.....

Amirzhanova N., Urkinbaev S.

Main aspects of ecolinguistics.....

Багирова Г.Ф. Фоновая

информация и ее влияние на

формирование языковой

личности.....

.....

Bagirova G. Background

information and its influence on the

formation of the language

personality.....

.....

Ермекова Т.Н., Ескермесова

Г.А. Лингвистикалық білімдер

жүйесіндегі

пунктуация

.....

Yermekova T., Yeskermessova G.

The punctuation in systems of

linguistic

studies.....

.....

Ерсултанова Г.Т. Тілдік тұлға

ұғымының қалыптасу тарихы.....

Yersultanova G. The history of

formation of the phenomena

linguistic

persona.....

.....

Есенова Қ.Ә. Лингвоясаясаттану

пәнінің негізгі ұғымдары.....

Esenova K. Basic concepts of

discipline

linguopolitology.....

Жұбанов А.Қ., Жаңабекова

А.А., Карбозова Б.Д. Қазақ

лингвистерінің ерекше

міндеттерінің бірі – ұлттық қазақ

тілі корпусын

қалыптастыру.....

.....

Zhubanov A., Zhanabekova A.,

Karbozova B. Creation of national

corps of Kazakh is an especially

important task of the Kazakh

linguists.....

.....

Жумабеков Қ.Ж. Жылқы

түлігінің қазақ және түрік тілдері

мақал-мәтелдеріндегі

қолданысы

.....

Zhumabekov K. The use of horses

in the kazakh and turkish

proverbs.....

.....

Zhunisova M. Kazakh literary

language (historical periodization)....

Жунисова М.А. Қазақ әдеби тілі
(тарихи дәуірлеу).....

**педагогический университет
имени Абая
ВЕСТНИК**

**Серия «Филологические науки»,
№3(61), 2017**

Выходит с 2000 года.

Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор

д.п.н., профессор

Б.У. Сманов

Зам. гл. редактора

д.ф.н., профессор, академик

Б.Абдигазиулы

Научные редакторы

д.ф.н., проф. С.Д. Абишева

д.п.н., доцент Ж.Т. Даулетбекова

к.ф.н., А.Д. Ибраева

Редакционная коллегия:

д.ф.н., проф.

У.М. Бахтикиреева (Россия),

доктор Ph(D), проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),

д.ф.н., проф.

Ердоган Алтынкайнак (Туркия),

д.ф.н., проф.

А.К. Киклевич (Польша),

д.ф.н., проф.

Г.Л. Нефагина (Польша),

магистр, проф.

Нонако Сусуму (Жапония),

д.п.н., проф.

Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),

д.ф.н., проф. Жан Динжин (Китай),

д.п.н., проф. Чан Дин Лам (Вьетнам)

к.ф.н. Ж.А. Коканова

(ответ. секретарь)

© **Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2017**

Зарегистрировано

в Министерстве культуры и
информации

Республики Казахстан

8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 08.12.2017.

Формат 60x84 1/8.

Объем 16,25 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 81.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального

педагогического

университета имени Абая

Исмаилова Г.Н. Концепт «мать» в азербайджанской паремииологии.....	Общая лингвистика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	72.....
Ismayilova G. Concept “mother” in azerbaijani paremiology.....	Общая лингвистика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	72.....
Қарағұлова Б.С., Жаналықызы А. Оралхан Бөкейдің «Жылымық» әңгімесіндегі прецедентті атаулар.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	80.....
Karagulova B., Zhanalykyzy A. Precedent names in the story «Zhylymyk» of Oralkhan Bukei.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	80.....
Қасым Б., Сембиева С. Тілдік бірліктердегі бағалауыштық коннотацияның табиғаты.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	105.....
Kasym B., Sembieva S. The nature of the appraisal connotation in the language unit.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	105.....
Қобланова А., Әбедін А.Н. Қазақ және башқұрт халықтарындағы дастархан этикетінің әлеуметтік-тілдік қыры.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	112.....
Koblanova A., Abedin A. Sociolinguistic feature of the etiquette of the feast kazakh and bashkir peoples.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	112.....
Құлманов С.Қ. Шет тілінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....
Kulmanov S. Problems of translation and transkryption of the borrowed foreign terms.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....
Mizamkhan B., Nukhsatkyzy L. Linguocultural aspects of the notion of political discourse	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....
Мизамхан Б.М., Нұхсатқызы Л. Саяси дискурс ұғымының лингвомәдени аспектілері.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....
Мұхамәди Қ.Т. Бала тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика.....	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....
Mukhamadi K. Semantics in childhood verbs and aspect	Семантика / ИББҚ / Қазақ тіліндегі дидимологияның философиялық сипаты.....
.....	122.....

Оспанғазиева Н.Б. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиялық сипаты.....

Ospangaziyeva N. Phonological description of sounds in the kazakh language.....

Saibekova N. The importance of A.Baitursynuly's alphabet.....

Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің маңыздылығы.....

Сейденова С.Д. Изучение художественного текста в аспекте межкультурной коммуникации (на примере анализа повести Б.Момышулы «Наша семья»).....

Seidenova S. Studying of the literary text in aspect of cross-cultural communication (on the analysis of the story "Our family" of B.Momyshuly).....

Смағұлова Г.Н., Чукенаева Г.Т. Алаш қайраткерлерінің лингвоэкологиялық идеялары.....

Smagulova G., Chukenayeva G. Linguoecological ideas of alash's activity.....

Тайжанов Ұ.О. Аксиологиялық лингвистиканың семантикасы...

Taizhanov U. The semantics of axiological linguistics.....

Әтебаева Э.Ә. Мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын құраған жаңа қазақ сөздіктері.....

Utebayeva E. Kazakh new dictionaries that have formed the linguistic base of the state language

65

68

68

72

72

75

76

80

80

85

86

89
89
93
93
96
96
99
100
105
105 Смағұлова
113
114
118
118
122

ҒТАХР 16.21.07

Г.Н. Смағұлова¹, Г.Т.

Чукенаева

гел-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

21.Жансүгіров атындағы

Жетісу мемлекеттік

университеті,

Талдықорған қ., Қазақстан

АЛАШ

ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ

ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ

ИДЕЯЛАРЫ

Аңд а т п а

Мақалада тіл білімінің жаңа бағыты лингвоэкологияға анықтама беріліп, оның даму, қалыптасу үрдістері қарастырылды.

Лингвоэкологияның қазақ жеріндегі даму кезеңдері анықталды. Сонымен қатар, шетелдік және ресейлік ғалымдар еңбектеріндегі

лингвоэкологияның даму кезеңдерінің жіктелуіне шолу жасалды. XX ғасырдың басында лингвоэкологиялық идеяларды дамытудағы қазақ зиялылары еңбектерінің маңызы зерделенді. Қазақ білімпаздарының лингвоэкологиялық идеяларының тоғыз бағыты анықталып, талданды. Ғалымдардың қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселесіне қатысты тұжырымдары сараланды. Қазақ тілін сақтау идеясын жаңғыртудың әзектілігі негізделіп, тілдік тұлғалардың тіл болашағы үшін жауапкершілігі сипатталды.

Тңйін сзздер: лингвоэкология, тілдік орта, тілдік тұлға, тіл

әміршеңдігі, тіл тазалығы, сөйлеу мәдениеті

Соңғы уақытта әлемде орын алған тілдік дағдарыстар мен тілдердің жойылуы, жойылу қаупі төніп тұрған тілдер санының күн санап өсуі, тілдік ығысу құбылысының кең етек жаюы тіл жанашырларын – лингвистерді бей-жай қалдырмады. Осылайша, XX ғасырдың соңында әлем ғалымдары лингвоэкологияны (тіл экологиясын) тіл білімінің жеке саласы ретінде дамытып, жасалған ғылыми тұжырымдар негізінде тілдің экологиялық мәселелерін шешу қажеттілігін алға тартып дабыл қақты.

С.Мозли мәліметтеріне жүгінсек, әлемдегі тілдердің қазіргі жағдайы төмендегідей [1]:

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №3(61) 2017 г. 106

Лингвоэкология – біріншіден, тілді сақтау мен қорғау мәселесін зерттейтін, екіншіден, тілдің дамуы мен қолданылуына кері ықпалын тигізетін факторларды анықтайтын, үшіншіден, тіл мәдениеті мен тілдік қатысым тәжірибесін жетілдірудің тәсілдерін енгізетін, төртіншіден, сөз энергетикасы, оның жасампаздық күші, оның қатысым мүшелеріне әсері жайлы қарастыратын тіл білімінің бағыты.

Шетелдік ғалымдар тіл экологиясы дамуының үш кезеңін айқындайды:

- 1) XIX ғасырда қалыптасқан «тіл – тірі организм» моделі;
- 2) XX ғасырдың ортасында қалыптасқан

Л.Витгенштейннің «тіл – өмір сүру формасы»

тұжырымдамасы;

- 3) Э.Хаугеннің еңбектерінен бастау алатын тіл экологиясы кезеңі [2]. 1980 жылдары Э.Хаугеннің экологиялық

идеяларын оның ізбасарлары дамытты. Ресейлік тіл білімінде тіл экологиясы жайлы ғылымның қалыптасуы жалпы экологияға, мәдениет экологиясына, сөз экологиясына негізделді деген түсінік қалыптасқан. Осы түсінікті негізге ала отырып, С.Потеряхина лингвоэкология дамуының үш кезеңін айқындайды:

1. XIX ғасырдың екінші жартысында экология ғылымының пайда болуы, кейін ол атауында «эко» компоненті бар кәштеген пәнаралық бағыттардың негізін қалауы. Бүгінде экология – адам және адамзат қауымы, оның тіршілік ету ортасын қоса алғанда тірі организмдердің өзара қарым-қатынасы мәселелерін зерттейтін ғылыми бағыттардың жиынтығы.

2. XX ғасырдың II жартысында жаңа бағыттағы ғылымның – лингвоэкологияның қалыптасуының тағы бір алғышарты болған және негізін қалаған «мәдениет экологиясының» пайда болуы. «Мәдениет экологиясы» ұғымын Д.С. Лихачев адам тіршілік ететін, оның қалыптасуы, дамуы, басқа адамдарға ықпалы және жасампаздыққа бағытталуы жүзеге асатын мәдени ортасын белгілеу мақсатында енгізген. Ол экология ұғымы қоршаған табиғи биологиялық ортаны қорғау міндетімен ғана шектелмейтіндігін атап өткен. Адамның тіршілігі үшін оның ата-бабасы және өзі құрған мәдени ортаның маңызы ерекше.

3. XX ғасырдың соңында тілдер де тірі организмдер сияқты тепе-теңдік жағдайында бір-бірімен өзара бәсекелестікте тіршілік етеді, тілдер мемлекеттің, жекелеген әлеуметтік топтардың, бірнеше тілді меңгерген адам санасының аясында бір-біріне

тәуелді деген идеяны дамытушы эколлингвистиканың қалыптасуы [3, 35-36]. Е.А. Сущенко лингвоэкология дамуының екі кезеңін кәрсетеді: 1) Лингвоэкологияға дейінгі (дайындық кезеңі); 2) Лингвоэкологиялық кезең (қазіргі таңдағы). Екінші кезеңді іштей тіл экологиясының ғылыми бағыт ретінде пайда болуы, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде лингвоэкологиялық идеялардың дамуы, XX ғасырдың 80-90 жылдардағы әдеби тіл нормасындағы өзгерістер, 1987 жылы Ресейде алғаш рет Краснояр мемлекеттік университетінде риторика кафедрасының ашылуы, 1990 жылы Лингвоэкология және сөз мәдениеті лабораториясының ашылуы, одан соң ЖОО-ларда лингвоэкологияны меңгеру курстарының жүргізіле бастауы сияқты кезеңдерге бәліп қарастырады [4, 25].

Қазақ жерінде

лингвоэкологиялық идеялардың өрістеуі әлдеқайда ертерек басталған.

Сонау сақтар дәуірінде туып («Басқа пәле тілден» Анарыс), кәне түркілік дәуірдегі, орта ғасырлық әдеби

[ЗНАЧЕНИЕ]

10%

10,77%

8,78%

9,62%

3,85%

Әлем тілдерінің жағдайы

Қауіпсіз немесе мәлімет жеткіліксіз

Әлжуаз, мардымсыз

белгілі бір қауіп тәніп тұрған

аса ауыр қауіп тәніп тұрған

жойылу қауіп бар

1950ж.бастап әлі тілге айналған

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

Хабаршысы, «Филология ғылымдары»

сериясы №3(61) 2017 ж.

107

кәне дәуірден бастап, XIX ғасырдың

соңына дейінгі «тілді

сақтау – ұлтты сақтау, тіл тазалығы –

ой тазалығы»

идеясының қалыптасуы,

лингвоэкологиялық білімнің

алғышарты;
XX ғасырдың басындағы
лингвоэкологиялық идеялардың
әрістеуі;
XX ғасырдағы тіл экологиясының
ортологиялық
бағытының зерттелуі;
XX ғасырдың II жартысынан бастап
қазақ тілі
экологиясының жеке бағыт ретінде
қалыптасуы;
қазақ тілі экологиясының көпәспектiлi
ғылым саласы
ретінде дамуы.
мұраларда жалғасын тапқан тіл
тазалығы, сөздің адам жанына
әсері, тіл мен ұлт
тамырластығы сынды ойлар,
беріде қазақ мақал-
мәтелдерінде, жыраулар
поэзиясы мен ақындардың
әлең-толғауларында
сабақталған. Қазақ тілі
экологиясы дамуының бес
кезеңін көрсетуге болады:
Д.Әлкебаева бағыттың даму
тарихына қатысты «Тіл
экологиясының жеке бағыт
ретінде қалыптасуы кейінгі
жылдардың еншісінде
болғанымен «қазақ тілі
ғылымының бұл саласы туралы
мәселе қозғалғалы бір ғасырға
жуық уақыт өтті деп айтуға
болады» деп жазған болатын
[5, 111]. Қазақ жеріндегі
лингвоэкологиялық
идеялардың таза
лингвистикалық бағытта
дамуы Алаш қайраткерлері
еңбегінен басталады. Себебі
«XX ғасырдың басы қазақ
тарихында рухани ояну дәуірі
болғаны белгілі. Ұлттың
әзіндік белгісін сақтап қалатын
негізгі қасиеттерінің бірі – тіл
екенін терең түсінген қазақ
зиялылары өз беттерінше
білімін жетілдіре отырып,
қазақ тілі бойынша оқулықтар
жазған, баспасөз бетінде түрлі
пікірталастар ұйымдастырып
отырған» [6, 27].
Алаш қайраткерлерінің
еңбектерінде туып, дамыған
лингвоэкологиялық идеялар
бірнеше бағытты қамтиды
және олар әлі де өз
құндылығын жоймаған, әлі де
әзекті тұжырымдар:

I. Қазақ тілінің тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру: Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов XX ғасырдың басында қазақ тіліне «түріктің тұнық тілі» деп баға бере отырып, оның себебін «...Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» деп түсіндіреді [8, 395]. Сонымен қатар, ұрпақ алдында «20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» деп міндет жүктейді [8, 399]. Себебі қазақ тілінің саламаттылығы қазақтарға байланысты. Ғасырлар бойы жиналған байлықты қаз қалпында, баба аманатына қиянат етпей жеткізу – әр қазақтың қасиетті борышы. Қазақ тілінің «саламаттығы» жайлы өз кезегінде М.Жұмабаев та «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ» деген пікір білдірген [9, 114]. Қазақстанда орын алған қоғамдық-саяси оқиғалар қазақ тілінің экологиялық ахуалына ықпал етпей қоймады. «Мәдени-тілдік ортаның 20-30 жылдардан бастап шеттілдік сәздерге бауыр баса бастауының алды тілдік ортадағы созылмалы сырқатқа айналды» [10]. Аталған кезеңде шеттілдік сәздердің ықпалы, орынсыз қолданыс, уәжсіз сәзжасам, қате аударма кесірінен қазақ тілі экологиялық жағдайының

нашарлауын Міржақып Дулатов «Қазақ тілінің мұңында» [11, 197-198] жазғанынан артық жеткізу мүмкін емес. Бір мақалада сол дәуірдің тілдік ортасына толық экомониторинг жасалған деуге толық негіз бар.

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №3(61) 2017 г.

108

II. «Тіл әлсе, ұлт та жойылады», «Тіл – ұлттың әмір снруінің басты шарты».

Тіл экологиясының ең басты міндеті – тілді сақтау, сол арқылы ұлтты сақтау. XX ғасырда қалыптасқан және алда болатын саяси оқиғалар жағдайында қазақтың ұлт ретінде сақталуының алғышарты, ұлттық құндылықтың қайнары, оны болашаққа жеткізуші тіл екенін Алаш кәсемдері әрқашан санаға сіңіруге тырысқан. Бүгінде аксиомаға айналған А.Байтұрсыновтың «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сәйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен арылғаннан жеңіл болмас еді» деген пікірі оған дәлел [8, 141]. «...Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын кәрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» [9, 114].

Алайда тілді тасымалдаушы тұлға жоқта тіл де жоқ.

Ж.Аймауытов оны «... Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады; жасаса, әркендесе, тілі де әркендейді» деп түйіндейді [12, 200]. Сондықтан да лингвоэко-

логияны зерттеуші ғалымдар тілдің әмір сүруі экожүйедегі өзге түрлерден ерекше, табиғатта бір түрдің саны азайса, оған жойылу қаупі төнеді, ал тілді тасымалдаушы тұлғалар саны аз болса да, ол тіл өзге тілдің ықпалына ұшырамаса ұзақ уақыт әмір сүруін жалғастыра береді деп пайымдайды.

III. Тіл – жанды қыбылыс:

Тіл экологиясының ғылымда туындауына «тіл туып, дамып, әледі», демек, ол да экожүйенің заң-дылығына бағынады, сондықтан оны экологиялық аспектіде зерттеудің маңызы зор деген пікір негіз болған. Ол турасында қазақ білімпаздары «Тіл – жанды зат: өркендейді, дамиды. Жазу – әлі сүйек зат.» [12, 201]; «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге әсетін, әрбитін жанды нәрсе. Тілдің әсіп, өркендеуі де табиғи жол болуы керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық кәрмей, әсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз әзінен-әзі күшейеді» деп түйін жасайды [12, 231].

IV. Қазақ тілі – қазақтілді тұлғаны қалыптастырушы экологиялық рухани орта:

Лингвоэкологиялық зерттеуердің іргелі ұғымы – тілдік тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады, тілдік тұлға да дәл солай. Оны қалыптастыратын отбасы, алған тәрбиесі мен білімі, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар, оны қоршаған адамдар, кәркем әдебиет. Тілдік тұлғаның әскен тілдік ортасы саламатты болса, оның тілі де таза болмақ. Ол турасында М.Жұмабаев «Баланың маңайындағы сәйленетін сәздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сәздерді естіп әскен бала әмір бойы былық, былапыт тілді

болады» [9, 128] десе, Телжан Шонанұлы «жатық тілге бала оқытушы мен кітап тіліне еліктеп барып үйренеді. Жатық тілге шым-шымдап үйрету керек. Сәйлемді дұрыс құруға бала бірте-бірте үйренеді. Оны да дұрыс сәйлеген адамға (оқытушыға), кітапқа еліктеп біледі. Сондықтан бала кітабы мен оқытушының тілінде кәп мән бар» [13, 546] деп пайымдайды.

Х.Досмұхамедов әзімен үзеңгілес кейбір оқығандар тілдің «сырқатын» емдеуге емес, керісінше, асқынуына себепші болып жүргенін ашына жазған: «Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады. Оқығандар әзіне лайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, кәбіне зорлап кіргізеді» [14, 175].

М.Дулатұлы да қазақ оқығандарының еліктеушілікке ұрынып, қазақ тілінің қалпын бұзып жүргенін сынайды: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз әздігінен сақталып, әдебиетіміз әрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар кәрші жұрттардың сәзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық. Бұл күнде шаһар сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды, бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке-Медине, Стамбұлда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр.

Бұлардың сәйлеген сәзінде,
жазған хатында шет
жұрттардың тілі аңқып тұр.
Бұлар елге келіп жас
балаларды оқытады. Сәйтіп,
шет тілдер елдегі жас
балаларға жұғады. ...Орысша
оқығандарымыздың кәбі екі
сәздің біріне орысша
қатынастыруды үйреніс қылып
алған. Осыдан топшылауға
болады, таза деген қазақ тілі
де, күн бұрын сақталуына қам
қылмасақ, бірте-бірте бұзылып
кететіні. Қазақ тілінің мұндай
жолмен бұзылып кетуін кәбіміз
сезбей де қаламыз» [15, 219].
Өкінішке орай, сезбей де
қалдық, қазақ тілінің қазіргі
қалпы оған дәлел.

Тілдік ортаның тазалығын
сақтау бұқаралық ақпарат
құралдарына, баспасөз тіліне
тікелей байланысты. Оқулық
жетіспейтін мектептерде
кәмекші оқу құралына
айналған газеттерде
*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Хабаршысы, «Филология
ғылымдары» сериясы №3(61)
2017 ж.*

109

ақпараттың қазақтың саф
тілімен жазылуы аса маңызды
болды. Қазақ оқымыстылары
оны аңғарып, әр жазған
мақалаларында тілшілерге
қатаң талап қойып отырды.
Баспасөз тілінің тазалығына
баса назар аударған
Қ.Кемеңгерұлы газетке мақала
жазатын тілшілерге нұсқау
түрінде:

«Тілші сәзі қазақтың қоспасыз
әз тілімен, ел тілімен жазылу
керек. Ұғымды тілмен, құрғақ
әңгіме қосылмай қысқа-қысқа
жаза білу керек. Осы күні тілші
сәзінің кәбі әзгертіліп
басылады. Өйткені тілшілер
ретін білмей ұзын жазады.
Болмаса жазып отырған
әңгімесінен шығып кетіп,
құрғақ шешендік соғады. Бұл
екеуі де керексіз.

Тілшілер әлі келгенше емлемен
жазу керек. ...Сәз жазғанда бір

сәзді қайталаудан қашу керек. Жазған әңгімесі бірнеше қабат арқанға оралғандай пысықтала беру де жарамайды.

...Осы күнгі кәмисерлердің де қазақ тілін білмейтіні бар. Кейбір азаматтардың сәзі орыс сәзінің орыс сәйлемімен тізілген аудармасы болып шығады.

Газет сәзіне еліктесе, тілші сәзін бұзып алуға мүмкін, сондықтан тілді газеттен үйренуден де елден үйренуге кәңіл қойғаны мақұл. Қала жазушыларынан газеттерден пікір ғана алуына болады. Ел сәзі ел ортасындағы әңгімеге мол жетеді. Бәтен тіл қатынастырмау, тіпті, үлкен шарт» деп жазған [16, 192].

Ал Ж.Аймауытұлы қазақ тілін аударма тілі етіп алу қаупін ертеден болжап, аударылмақ ақпаратты алдымен ой елегінен өткізіп, одан соң қазақ тілінің заңдылығына сай баяндауды талап етеді: «Газетте ел хабарлары жақсы түсінікті. Өз басынан шығарып жазған әркімнің сәздері де ұғымды. Ал, орысшадан аударылған, орысшаға жанасқан сәздерге қарасаң томармен жүрген қазақ арбадай миыңды, жүйкеңді түйгіштеп, зырқылдата жәнеледі. Қай жерде мүдіріп, қай жерде сүрініп қалам деп, қып-қып еткендей боласың» [12, 237]. Сонымен қатар, ол «Еңбекші қазақтың» 396-санында жазылған мақалаларды талдайды, ол мәселенің шешу жолдарын ұсынады:

- газет басқармасы өзі қолданатын сәздерін тізсін;
- білім кеңесі қабылдап, бекітілген сәздер сол күйінде қолданылсын;
- қолайсыз аударылған сәздер қайта қаралсын;
- қабылданған, даусыз сәздер газет бетінде жарияланып отырсын;

- қабылданған сөздер орыс әліппесінің ретімен жазылып, басқармада ілулі тұрсын;
- тың сөздер алғашқы кезде орысша-қазақшасы қатар жазылып отырсын.

Бұл талаптар сақталмаған жағдайда «...тіліміз бұзылады, шоқпыт болады. Ел ұқпайды. Баспа сөздің кәдірі кемиді, оқымайды» [12, 240].

Білім беру орындарының тілдік ортаны қалыптастырушы қызметі де назардан тыс қалған жоқ. Медреселерде, «қадим», «жәдид» мектептерінде білім берген татар, ноғай молдаларының қазақ баласының тіліне ықпалы болғаны анық. Ендігі жерде қазақ мектебінде ол қателік орын алмауға тиіс еді.

«Баспа мен мектеп деген – шошынарлықәте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.

Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін кәркейтп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [15, 176].

Білімпаздар тіл саламаттығына нұқсан келіп, дертке шалдыққан тілді **қотыр сөз** (Қ.Кемеңгерұлы), **жынды сөз** (А.Байтұрсынұлы) деп сипаттаған.

V. Тілдік байланыс – тіл тазалығына ықпал етуші фактор:

Кез келген тіл жеке дара әмір сүрмейді. Халықтың қоныс еткен ортасына қарай, қарым-қатынас жасаған мемлекет, тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық-саяси әмірі мен тарихи қалыптасуына қарай тіл үнемі өзге тілдермен байланыста болады. Тілдік байланысқа түспеген тіл әлемде кемде кем. «Басқа тілдердің тәсірінен құтылған бір тіл жоқ. Неміс, орыс, пырансуз – барлығы

тілде бір-бірінен борыштанып отыр, ал енді табиғат заңы осылай болған соң, қазақ тілі қалай аман қалмақ? Басқа мәдениетті елдерден қашып, тіл байымайды [14, 201]. Тілдік байланыс нәтижесінде екі тілде де әр алуан өзгеріс орын алып отырады. Басқаша айтқанда, әлемдегі тілдер бәсекелестікте дамиды. Тұғыры мықты, тірегі бекем тіл өз басымдығын сақтап қалады. Бұл турасында Х.Досмұхамедұлы «...оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын – кәршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері» деп, қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің өзгеріссіз енуі кәршілес отырған ноғай-сарттардың әсерінен болғандығын атап өтеді [14, 175]. Ол қазақ тілін осы уақытқа дейін «шатақ» тілдің ықпалынан сақтаған себептерді кәрсетеді. Олар: «1) кәшпелі салтымыз; 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті; 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиеті тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз» [14, 178].

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №3(61) 2017 г.

110

Байтоғайұлы Балқай қазақ жерінде әмір сүрген тілдердің қазақ тіліне ықпалы жайлы: «Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болса да, басқа түрік ұруларының тілінен таза, не тілі басқа жұрттан бұратана сөз араласып, шұбарланбаған. Қазақ тілінің бұзылмауына себеп болған басқалардан өзгеше кәшпелі тұрмысы, басқа елмен араласының аздығы. Мәселен, алыстан іздемей-ақ мисалға ноғайды алсақ да болады. Ноғай орысқа қазақтан бұрын араласқан. Сондықтан

қазақ тіліндей емес, ноғай тілі таза болмай, жартысы орысша, жартысы ноғайша болып келеді. Өзбек, түрікпен тілдерін әлі зерттеп жақсы білген қазақ аз. Сонда да шамалап айтуға болады. Өзбек, түрікпен тілдеріне арап тілі көп араласқан. Оның себебі дінмен бірге Оңтүстік Азидағы елдерге араб жұртының ықпалы жүрген», –деп ой түйеді [13, 346].

VI. Тілді жат сөзбен

шұбарламау:

«Алаш оқығандары жат сөздер тілімізге «қазақтың шапанын жауып», «қазақтың тымағын киіп» енуі тиіс деген тұжырымды басшылыққа алды» [17, 21].

Бұл пікірдің бастауында тұрған Н.Төреқұлов болатын. Ол «Жат сөздер» деп аталатын мақаласында: «Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парыс сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше «тымақ» кимей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі:

Арқадағы прессе араб-парыс сөздерін көбірек татардан үйренеді. Ғылым, ғибрат, ғиззат, Құсейін, Ғазыза, ғараб, әлібба, әдабиат, мәданиат деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазағына әтіп, жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парыс сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды.

Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тіліңді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айрылып қаласың», – деп жазса, Х.Досмұхамедұлы «Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танитын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе, жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек» деп ол тұжырымның маңыздылығын, әзінің де қолдайтындығын танытқан.

Қазақ оқымыстылары шеттілдік сәздерді қабылдағанда, қазақ тілінің басты заңы үндестікке бағындырып қабылдау қажет дегенді құптады. Мәселен, Е.Омаров «Тілдің заңына келмейтін жат сәздер кәбейіп кетсе, тіл бұзылады, - тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» десе, Қ.Кемеңгерұлы «Үндестік заңына» бағынбайтын, ерте заманда сіңіскен жат сәздер бар. Бұларды өзгерту қиын. Ал енді тәңкерістен бері кірген жат сәздерді қалайда болса «Үндестік заңына» бағындыру керек» деп жазған [16, 203]. Автор сәздерді үндестік заңына үйлестіріп жазу, қосымшаны дұрыс жалғау қажет деп түйін жасады.

Х.Досмұхамедұлы әзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінің кіріспесін «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сәздер кәбейіп кетті. Тәңкерістен кейін шыққан журнал-гәзеттердің іші толған жат сәз. Білім, оқу әдебиеті де жат сәзге байыды.

Заманымыздың кәркем әдебиетіміз де жат сәзден құр емес.

Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сәзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан суындай қаптап тілімізді жат сәздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді» [14, 165] деп бастаған болатын.

Жат сәздердің тілдің экологиялық жағдайына ықпал етіп, тілді дағдарысқа ұшырататыны жайлы пікірін ол «Тілге кірген жат сәздер де сіңу үшін, тілге «әзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай хәлге келуі

керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді...
...зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» [14, 177] деп сабақтайды.

VII. Білімді ана тілінде беру:

Тілдердің жойылу қаупінің дәрежесін анықтау жүйесін жасаған М.Краус тілдің болашақ әлеуеті үшін тілдің табиғи түрде әкеден балаға берілуі аса маңызды фактор екендігін атап кәрсетеді. Ғалым өз жіктеуінде алғашқы орынға қауіпсіз тілдерді орналастырған және олардың қатарына ана тілі ретінде меңгерілетін тілдерді жатқызған. Демек, тілдің әміршендігін қамтамасыз ету білімнің ана тілінде берілуіне тәуелді. Кеңестік кезеңде Қазақстанда білім беру саласында жүргізілген тілдік саясаттың нәтижелері оған дәлел.

Қазақ зиялылары бұл мәселені кәрегендікпен анықтап, ұрпағының болашағын қамтамасыз ету үшін білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытуды кәздеді.

«Алаш» партиясы бағдарламасының «IX. Ғылым-білім үйрету» деген тарауында мәселе «Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы: қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы» деп тәтесінен қойылған [18, 44-45]. Сондай-ақ бұл мәселе тұңғыш Қазақ съезінің күн тәртібіне қойылған.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №3(61) 2017 ж.

111

М.Дулатов съезде кәтерілген мәселелерді талдай келе, «8. Бастауыш оқу. Жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет кәргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді кәбейтуге қаулы қылды, 100

үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын» деп жазған [15, 318].

Білімді ана тілінде алудың маңызын ұлт ұстазы А.Байтұрсынов: «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйреген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуды үйретіп, өз тілінің жүйесін білідіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» деп тұжырымдаған [8, 142].

Қ.Кемеңгерұлы да «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда, қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды» деп, болашақ мемлекетті дамытатын ұрпақтың ғылыми-интеллектуалды әлеуетін қамтамасыз ету үшін білімді өз

тілінде берудің маңыздылығын меңзеген [16, 210].

Қазақ балаларының этнопсихологиясын қалыптастырудың негізі – қазақ тілінде білім беру деп білген М.Дулатұлы ана тілінде білім беру арқылы ұлтқа қызмет ететін азаматтар тәрбиелеу қажет, ал «Орысша оқығандардың кәбі жұрт жайы түгіл, әзінің кім екенін шала білетін жас күнінде школға кіріп, онан шыққан соң елде тұрмай, қызмет етіп кететін болғандықтан жұрт қамын ойлап артық қайғырмайды да, нені қайғыруды білмейді де» деп пайымдаған [15, 95].

Адамзат баласы алатын білім, ең алдымен, ана тіліндегі білімге сүйенеді. Ол ғылымда дәлел-денген. Сондықтан алғашқы білімді ана тілінде алудың тілдік тұлғаны қалыптастырушы қызметі ерекше. Алдымен ана тілін өте жақсы меңгеріп, одан соң өзге тілді игерген азаматтар қоғам үшін қашан да қажет.

Х.Досмұхамедұлының пікірінше, «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бәтенше жақсы сәйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бәтенше жақсы сәйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» [14, 185].

VIII. Терминдерді (пән сәздерін) қазақ тілінде қалыптастыру:

Қазақ оқымыстылары алдарына қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру міндетін қойған және сол жолда аянбай тер тәккен. Тілдің қолданыс аясын кеңейту тілдің ғылым мен техника тіліне айналуымен тығыз байланысты және оның аса маңызды екенін жете түсінген.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі»

болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Оның бірінші тармағында «А) ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда, сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек (тілдік конфликт болдырмау)» деп жазылған [8, 423].

«Ғылым атауларын дұрыстап таға алмай, тілімізді ғылым жолына сала алмай, кей жұрттарша араб пен парсыны, латын мен орышаны араластырып, былжыратсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан, кемдігінен емес, кітәп жазушыларымыздың нашарлығынан. Өз тілін әдбен білмегендігінен болады» [14, 241]. Терминдерді бірі «пән сөзі», бірі «ғылым атауы» деп атаса да, қазақ оқымыстылары қазақтың тәл сөздерінен жасау керектігін басты назарда ұстағандары байқалады. Сонымен қатар, білімпаздар шет тілден термин алғанда оны сингармонизм заңына бағындыра қолдануға, орфоэпиялық норманы сақтауға шақырады.

IX. Тіл мәдениетінің ортологиялық қағидаларын сақтау:

«Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сәйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сәйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сәйлеуді әдет қылғайсың» делінген әйгілі «Кабуснамада». Қазақ халқы сөз әнерін аса бағалап, оны дамытушыларды дәріптеген. Ж.Аймауытов ділмар бабаларының салтын ұрпағының қандай дәрежеде жалғап жүргенін саралап, оған кәңілі толмайды: «Қазақ баласының бір әдеті: «бәлен етіп, сонымен кетіп, содан

сүйтіп...» деген тәрізді нүктесіз шұбата бере-ді. Сәйлегенде де, жазғанда да қысқа сәйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сәзбен қысқар-тып айтқызу – сәзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №3(61) 2017 г.

112

азаматтардың топтарда орыс сәзін қазақшаға аударғанын тыңдасаң, олақтығы кәрініп тұрады: қыс-қаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сәйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. ...Аз, дәмді, тиімді сәздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе «ердің құнын екі ауыз сәзбен кеспей» деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сәйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сәйлейтін адам кем болады; кәбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны» [12, 214].

Әкінішке орай, бұл созылмалы сырқат әлі күнге дейін дауасын таппаған. Жоғары оқу орындары студенттерінің ойын қысқа, нақты, дәл, кәркем етіп жеткізетіндері кем.

Білімпаздар баланы ойын кестелі сәзбен, дәл, анық жеткізуге жастайынан қазақтың бай әдеби мұрасының негізінде баулыған жән және мынаны ескеру керек деп кәрсетеді: «Ертегі әуезелердің пернелі, кестелі сәздерін тастап, баланың өз сәзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сәздерді, әлең-жырларды өз сәзімен мылжалау жарамайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, кәңілді ұйытқытуында» [12, 216]. Кәркем сәзден

әсерлене алған бала әзі де
шешен сәйлеуге тырысады.
Алаш қайраткерлері
еңбектерінде қарастырылған
лингвоэкологиялық ой-
тұжырымдарды жинақтап,
тәмендегідей бағыттарын
кәрсетуге болады:
Қазақстан ХХІ ғасырда
болашаққа нық сеніммен қадам
басу үшін саяси, экономикалық
және рухани жаңғыруға бет
алды. «Жаңа тұрпатты
жаңғырудың ең басты шарты –
ұлттық кодыңды сақтай білу.
Онсыз жаңғыру дегеніңіздің
күр жаңғырыққа айналуы оп-
оңай. Егер жаңғыру елдің
ұлттық-рухани тамырынан нәр
ала алмаса, ол адасуға
бастайды. Біз жаңғыру
жолында бабалардан мирас
болып, қанымызға сіңген,
бүгінде тамырымызда
бүлкілдеп жатқан ізгі
қасиеттерді қайта түлетуіміз
керек» [7]. Қазақ халқының
ұлттық-мәдени коды ең
алдымен қазақ тілінде екенін
ескерсек, рухани жаңғыру
бабалардан аманат боп қалған
«тілді сақтау» идеясын
жаңғыртудан бастау алуға тиіс.
*Пайдаланылған едебиеттер
тізімі:*

1 Christopher Mosley. *Atlas of the world's Languages in Danger.* – France, 2010. – P.222
<http://unesdoc.unesco.org/images/0018/001870/187026e.pdf>.
19.05.2017

2 Trampe W. *Language and ecological crisis [Electronic resource].* – London; New York: Continuum, 2001. – P.232-240. – URL:
<https://www.books.google.ru/19.05.2017>

3 Потеряхина И.Н.
Лингвоэкологические характеристики англоязычной виртуальной корпоративной коммуникации. Дисс. на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Пятигорск, 2015. – С.185 4 Сущенко Е.А.

Педагогическая лингвоэкология как фактор безопасности жизнедеятельности субъектов образовательного процесса: автореферат дисс. на соискание уч. степени док. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2013. – 62 с.

5 Ылкебаева Д. Сғз мөдениетi: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетi, 2014. – Б.111-214.

6 Жұбаева О.

Қ.Кемеңгерұлының тiлтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 27 б.

7 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. 19.05.2017

8 Байтұрсынов А. Тiл тағылымы (қазақ тiлi мен оқу-ағартуға қатысты еңбектерi). – Алматы: Ана тiлi, 1992. – 448 б.

Қазақ тiлiнiң тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру;
«Тiл әлсе, ұлт та жойылады»,
«Тiл – ұлттың әмiр сүруiнiң басты шарты»;
Тiл – жанды құбылыс; Бiлiмдi ана тiлiнде беру;
Қазақ тiлi – қазақтiлдi тұлғаны қалыптастырушы экологиялық рухани орта;
Тiлдiк байланыс – тiл тазалығына ықпал етушi фактор;
Тiлдi жат сөзбен шұбарламау;
Тiл мәдениетiнiң ортологиялық қағидаларын сақтау;
Терминдердi (пән сөздерiн) қазақ тiлiнде қалыптастыру.
Абай атындағы ҚазҰПУ-нiң Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №3(61) 2017 ж.

9 Жұмбаев М. Шығармалары (едеби басылым). – 2-том: Ғеңіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған еңбектер/Құраст. Сендібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

10 Уели Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007. – 328 б.

11 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. Көсемсөз, едеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері/Құраст.: Г.Дулатова, С.Иманбава. – Т.3. – Алматы: Мектеп, 2013. – 400 б.

12 Аймуытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-еңістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т.6. – 384 б.

13 ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 640 б.

14 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды. Құраст.: Г.Дулатова. – Астана: «Астана-Полиграфия», 2008. – 400 б.

15 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. Көсемсөз, едеби сын, зерттеу мақалалары/Құраст.: Г.Дулатова, С.Иманбава. – Т.2. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.

16 Кемеңгерұлы Қошке. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары/Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т.1. – 384 б.

17 Құрманбайұлы Ш. Алаш жөне терминтану (ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930

жылдар). – Алматы, «Елшежіре» ҚҚҚ., 2008. – 240 б.
18 Бөкейхан Ө.Н. (1866-1937).
Шығармаларының 9 томдық
жинағы/Құраст.: Жүсіп Сұлтан
Хан Аққұлұлы. – Астана:
Сарыарқа, 2013. – Қазақша-
орысша. – Т.7. – 520 б. – 44-45 б.
Г.Н. Смагулова¹, Г.Т.

Чукенаева²

¹Казахский национальный
университет имени аль-
Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²Жетысуский

государственный университет

имени И.Жансугурова,

г. Талдыкорган, Казахстан

ЛИНГВОЭКОЛОГИЧЕСКИ Е ИДЕИ ДЕЯТЕЛЕЙ

АЛАША

Резюме

В статье дается определение нового направления языкознания – лингвоэкологии, рассматриваются процессы его формирования и развития. Автором определены периоды развития лингвоэкологии в казахской степи. Кроме того, проведен обзор периодизации лингвоэкологии в трудах зарубежных и российских ученых. Осмыслены значение и роль трудов казахской интеллигенции в развитии лингвоэкологических идей начала XX века.

Анализируются девять направлений лингвоэкологических идей казахских ученых. Исследованы концепции ученых о соблюдении чистоты казахского языка. Обосновывается актуальность модернизации идеи сохранения казахского языка и описывается ответственность языковых личностей за будущее языка.

Ключевые слова:

лингвоэкология, языковая среда, языковая личность, витальность языка, чистота языка, культура речи

G.N. Smagulova¹, G.T.

Chukenayeva²

¹Al-Farabi Kazakh National
University,

Almaty, Kazakhstan

²Zhetysu State University named
after I.Zhansugurov,

Taldykorgan, Kazakhstan

LINGUOECOLOGICAL IDEAS OF ALASH'S ACTIVITY

Summary

In the article the definition on the new direction of linguistics of linguoecology is given, the processes of its formation and development are considered. The author defines the periods of development of linguoecology in the works of foreign and Russian scientists was reviewed. The significance and role of the works Kazakh intelligentsia in the development of linguoecological ideas in the beginning 20th century is interpreted. Identified and analyzed nine directions of linguoecological ideas of Kazakh scientists. The concept of scientists on observing the purity of the Kazakh

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия
«Филологические науки», №3(61)
2017 г.*

114

language explored. The actuality of modernization of the idea of preserving the Kazakh language is justified, the responsibility of language persons for the future of the language is characterized.

Keywords: linguoecology, language environment, language person, vitality of language, purity of language, culture of speech__